

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталғандарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 мамырдағы № 219 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 12 маусымда № 14-5-132 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 260 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 08.04.2015 № 260 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30 бабының 1 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес Бәйдібек ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: елді мекендер аумақтарын к ө р і к т е н д і р у және т а з а л а у .

2. Қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаға сотталған тұлғалардың жазаны өтеу орны: «Бәйдібек су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны және «Шаян Қызмет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі айқындалсын.

3. Ауыл округтерінің әкімдері Бәйдібек аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан сайын ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н . А й т б е к о в к е жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р.Жолдас